



Автор: Ысқақова Ақзия Нұрбергенқызы

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Жер және Ғарыш: Ғарыш

Тақырып: Алуан түрлі ғаламшарлар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.4.2.2 - Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру; 2.1.2.4 - бақылау жүргізудің жоспарын құру;
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Күн жүйесіндегі ғаламшарларды біледі.Күн жүйесінің үлгісін жасауды жоспарлайды. Көпшілігі: Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың ұқсастығын , орналасуын салыстырады. Кейбірі: Ғаламшарлардың орналасуын, олардың ерекшелігін ажыратып, ресурстарды пайдаланып жоспар арқылы ғаламшар үлгісін жасайды және таныстырады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар Жер мен Күннің өздеріне тән байланыстарын сипаттап айтады, жердің табиғи серігін атайды. Пөнге қатысты лексика терминология Ғаламшар, Жер, Күн , жұлдыз , шар осі табиғи серік , жасанды серік, орналасу реті қашықтық уақыт, Күн жүйесі. Диалогқа жазылған қажетті тіркестер Жер ғаламшарының пішіні қандай?
Күтілетін нәтиже:	Топқа бөліну арқылы ынтымақтастыққа , зерттеу жұмысы арқылы жауапкершілікке, өзара бағалау арқылы қашықтық құндылығын дарыту
Бағалау критерийлері:	Ғаламшарлардың ерекшеліктерін , ұқсастығын, орналасуын салыстырады. Ең үлкен және ең кіші ғаламшарды ажыратады. Ғаламшарларды екі топқа бөледі , атауларын жазады. Ермексаз көмегімен күн жүйесіндегі ғаламшарлардың орналасуы моделін жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	Топқа бөліну арқылы ынтымақтастыққа , зерттеу жұмысы арқылы жауапкершілікке, өзара бағалау арқылы қашықтық құндылығын дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнежазба «Ғаламшарлар »
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, көркем еңбек, математика
Бастапқы білім:	Ғаламшарлар қалай орналасқандығын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі «Ғарыш әлеміне саяхат». Аспан - аспан арайлым, Қызыға саған қараймын. Сені көзбен шоламын, Көктің жүзін барлаймын. Топқа бөлу... Мозайка ойыны Оқушылар 4 топқа бөлінеді 1-топ: Күн 2-топ: Ай 3-топ: Жер 4-топ: Ғарыш	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Оқулықпен жұмыс: (60-61 бет оқу) 1. Оқып шығу 2. Ғаламшарлардың күн жүйесіндегі реттерін қайталап шығу. - Оқушылар қазір бізді сыртымыздан өзге ғаламшарлық бақылап тұр екен. Оның сендерге қоятын сұрақтарыбар екен. Ендеше өзге ғаламшарлықты шақырайық. (Т)Зерттеужұмыстарын жүргізу 1 топ Ғаламшарлардың ерекшеліктерін ажыратады. Дескриптор: -Ермексаз көмегімен күн жүйесіндегі ғаламшарлардың орналасу моделі дұрыс жасалған. Ғаламшарлардың күн жүйесінде орналасу ерекшеліктерін дұрыс ажыратқан -Анық және түсінікті таныстырылды. 2 –топ Ғаламшарлардың ұқсастығын анықтайды Дескриптор: -Ермексаз көмегімен күн жүйесіндегі ғаламшарлардың орналасу моделі дұрыс жасалған ; -Ғаламшарлардың ұқсастығы дұрыс анықталған; -Анық және түсінікті таныстырылды. 3-топ Ғаламшарлардың орналасуын салыстырады Дескриптор: -Ермексаз көмегімен күн жүйесіндегі ғаламшарлардың орналасу моделін дұрыс жасалған. - Ғаламшардың орналасуын дұрыс салыстырды. -Анық және түсінікті таныстырылды. 4-топ Ең үлкен ғаламшардың суретін салу, жарнамалау. Дескриптор: -Ең үлкен ғаламшардың суретін салады, жарнамалайды. Өзара бағалау (Топ бір-бірін бағалайды) Кері Жарайсың! Сергіту сәті « Әлем қандай тамаша!».	
Сабақтың соңы	Кері байланыс. «Зымыран» Бүгінгі сабақ ұнаса жасыл түс орташа сары түс ұнамаса қызыл түс	
Рефлексия	Барлығы: күн жүйесі ғаламшарлардың ретін біледі. Көпшілігі: күн жүйесіндегі ғаламшарларды салыстыра сипаттайды, ажыратады. Кейбірі: бақылау жүргізудің жоспарын құрып, ғаламшарларды зерттейді, өз жұмыстарын дәлелдейді.	